4-токсан

8- сынып География

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	Майлыбекова Зауре			
Күні				
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.5.2.1 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді			
Сабақтың мақсаты	Экономикалық инфрақұрылымды сипаттайды Экономикалық инфрақұрылымның салаларын түсіндіреді Эконмикалық инфрақұрылымның маңыздылығына баға береді.			
Бағалау критериі	Экономикалық инфрақұрылымды сипаттай алса; Экономикалық инфрақұрылымның салаларын түсіндіре алса; Экономикалық инфрақұрылымның маңыздылығына баға бере алса;			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	**«**Ұйымдастыру бөлімі. Оқушылармен амандасу,түгендеу, «Төрт сурет, бір сөз» ойыны арқылы психологиялық ахуал жүргіземін. Жетелеуші сұрақтар: - Суреттерден не байқап тұрсыздар? - Базарда не сатылады?	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	дидактикалық материалдар.

	- Сен базарда болдың ба? - Сен базардан не сатып алдың? - Базар деген экономикамыздың қандай саласы деп ойлайсың Мұғалім жетекші сұрақтарды нақты дайындайды. - инфроқұрылым ұғымын қалай түсінесіңдер? - инфроқұрылымға мысал келтіре аласыңдар ма? т.б. Мұғалім оқушыларды инфрақұрылым, көлік, байланыс, сауда-экономикалық, басқару, қаржы, ақпарат ұғымдарының анықтамаларымен таныстырады. Оқушылар инфрақұрылым ұғымына өз анықтамасын немесе түсінігін ұсынады. Сосын суреттер таратып беріп, суреттер бойынша инфрақұрылым салаларын кестеде жіктейді. Оқушылар инфрақұрылымның төмендегі салалары бойынша қызмет көрсету маңыздылығын ауызша сипаттайды. 1) әлеуметтік инфрақұрылым (мектеп, аурухана) **Әлеуметтік инфрақұрылым** - халықтың күнделікті тіршілігін қамтамасыз етуге қызмет ететін салалар (кәсіпорындар, денсаулық сақтау, білім, мәдениет, тұрмыстық қызмет ету орындары) жиынтығы. 2) экономикалық инфрақұрылым (сауда, қаржы) **Экономикалық инфрақұрылым**- банк қызметтері, қаржы, нарық. Оқушылар белгілі бір тауар түрін алып оны сатып алудың жолдарын экономикалық инфрақұрылымдарды байланыстыра отырып сипаттайды.			Интерактивті тақ
Ортасы	; **Тапсырма 1 топтық жұмыс**	Арнайы ресурстар	Смаликтер	http://ikitap.k

	Мәтінмен жұмыс Мәтінді пайдалана отырып, инфрақұрылым салаларын сипаттайды әр инфрақұрылымға жататын нысандарды айтады I топ – экономикалық инфрақұрылым (сауда, қаржы) II топ – денсаулық сақтау, білім беру III топ – тұрмыстық қызмет көрсету орындары IV топ – ақпараттық қызмет Дайындалып болған соң әр топ қорғайды Топтар критерий бойынша бағалайды. ***<u>Бағалау критерийі:</u>*** *Экономикалық инфрақұрылымды сипаттай алады;* *Экономикалық инфрақұрылымның салаларын түсіндіре алады;* **Тапсырма 2 Жеке жұмыс** **Тақтадан семантикалық картаны толтырады.** Мұғалім тексеріп шығады **Тапсырма 3, Жұптық жұмыс** Әр жұпқа бір инфрақұрылым саласын беріңіз Осы саланы сипаттау жоспарын ұсыныңыз. Сипаттау жолына ұсыныс: - *мақсат міндеті;* - *атқарып жатқан қызметі;* - *маңыздылығы:* - *жақсарту жолдары* Мұғалім сипаттау жоспарын өзгерте алады.	арқылы жаңа тақырыпты талдайды Жұп бойынша Жеке, өзара тақырыпты түсінгендерін мұғалімге қол көтеру арқылы білдіреді Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой	арқылы ҚБ өзін өзі бағалау **ҚБ** «Бәрекелді, әттеген-ай» Бағалау парақшасын толтырады.	z/audiobook/5189-kerqula_atty_kendebaj/5189-kerqula_atty_kendebaj аудиокітап Алты томдық «

	Оқушылар таңдау бойынша әлеуметтік инфрақұрылымның 1 саласын сипаттайды, маңыздылығына мысал келтіреді. ***<u>Бағалау критерийі:</u>*** Экономикалық инфрақұрылымның маңыздылығына баға бере алады. Қызмет көрсету саласының ерекшелігін анықтаңыз. Қызмет көрсету саласы жақсы дамыған елдерді анықтаңыз. Көлік жүйесі, ақпараттық байланыс, туризм дамыған аймақтардың экономикалық жағдайының жақсы болу себебін түсіндіріңіз **Дескриптор** *Оқушылар* – Қызмет көрсету саласының ерекшелігін анықтайды – Қызмет көрсету жақсы дамыған елдерді анықтайды – Көлік жүйесі, ақпара, байланыс, туризм дамыған аймақтардың экономикалық жағдайының жақсы болу себебін түсіндіреді. Өз аймағыңыздың инфрақұрылымдық жүйесінің экономикалық тиімділігіне SWOT талдау арқылы баға беріңіз Аймақтың инфрақұрылым жүйесінің экономикалық артықшылықтары/ кемшіліктерін анықтаңыз Аймақтың инфрақұрылым жүйесінің экономикалық мүмкіншіліктерін анықтаңыз Аймақтың инфрақұрылым жүйесінің экономикалық дамуға кедергілерін анықтаңыз **Дескриптор** *Оқушылар*	өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады	**ҚБ** **Бағдаршам**	

	-Аймақтың инфрақұрылым жүйесінің экономикаға артықшылықтары/ кемшіліктерін анықтайды -Аймақтың инфрақұрылымдық жүйесінің экономикаық мүмкіншіліктерін анықтайды -Аймақтың инфрақұрылымдық жүйесінің экономикалық дамуына кедергілерін анықтайды			
Сабақтыңсоңы	**Білімді бекіту:** **«Серпілген сауал» әдісі** бойынша оқушылар бір-біріне доп лақтыра отырып сұрақтар қояды. **Кері байланыс:** **Оқушыларға рефлексия парағын ұсынамын.Сабақ барысында алған білімдері туралы кері байланыс жазады.** **«3.2.1.»** 3 факт 2 көзқарас 1 тұжырым .	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Қосымша ақпарат		
Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндетқоюдыжоспарлапотырсыз?	Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы
1. . 2.	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	Ақпарат іздестіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	Майлыбекова З			
Күні				
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші және өңдеуші және қызмет салалары			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.5.3.1 - өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктейді			
Сабақтың мақсаты	Шаруашылықтың түрлерін білу Өндіруші салаларды анықтай алу Өңдеуші салаларды анықтай алу Қызмет көрсету салаларын анықтай алу			
Бағалау критериі	Шаруашылықтың түрлерін білсе; Өндіруші салаларды анықтай алса; Өңдеуші салаларды анықтай алса; Қызмет көрсету салаларын анықтай алса;			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Ұйымдастыру бөлімі. Ынтымақтастық атмосферасы аясында «Шаттық шеңберін құру». Үй тапсырмасын сұрау үшін шеңберге тұрғызып, бір –біріне доп лақтыру арқылы өткен сабақты еске түсіру. Бейнебаян тамашалау Шаруашылық жайлы оқушыларға қысқаша түсінік айтып, орындалатын	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап	Қол шапалақ	Ұялы телефон Және интернет желілері

	жұмысқа бағыт-бағдар беру. Оқу мақстымен таныстырып, тапсырма орындауға дайындау	орындайды		Кітап
Ортасы	Әрбір елдің ұзақ тарихының уақыт аралығында қалыптасқан, өзіндік сипаты бар ұлттық шарушылық болатыны белгілі. Жалпы алғанда, дүние жүзіндегі елдердің бір бірімен күрделі экономикалық қарым қатынастар жүйесі арқылы байланысқан ұлттық шарушылық жүйесін дүниежүзілік шарушылық деп атайды. Дүниежүзілік шарушылық қалыптасуына өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көлік қатынасының қарқынды дамуы нәтижесінде елдер арасындағы өзара шаруашылық байланыстарының туындауы себепші болды. **Дүниежүзілік шаруашылық анықтамасын жазамыз – Дүниежүзілік шаруашылық - дүние жүзіндегі елдердің бір бірімен күрделі экономикалық қарым қатынастар жүйесі.** Дүниежүзілік шарушылық қалыптасуы адамзат қоғамының қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Бұған ежелгі мемлекеттер арасындағы қарапайым өнім айырбасы дәлел болады. Біртіндеп шаруашылық құрылымының күрделенуі елдер арасындағы қарым қатынастар сипатында жаңа сатыға көтерді. Бүгінгі тақырыпқа бірнеше білім алушы тарихқа назар аударып баяндама дайындап әкелді: 1. Қарапайым еңбек 2. Мануфактура 3. Қазіргі кезең шаруашылығы. 	Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау	Слайдар Ашық сұрап-жауаптар

	 Қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылықтың ерекшеліктері мен даму бағыттары  **Интеграция – аймақтық экономикалық ынтымақтастық.** (**Еркін сауда аймағы**– АПЭК, 1989 ж, - Аустралия, АҚШ, Ресей, Жапония, Жаңа Зеландия, Қытай, Мексика, Бруней, Чили және тб 14 мемлекет, және НАФТА, 1994 ж АҚШ, Канада, Мексика**;** **Экономикалық Одақ**- 1993 ж –	Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы танытабілу дағдылары қалыптасады	**ҚБ: «Баспалдақ» әдісі 1.Білімі төмен 2.Орташа 3.Орташадан жоғары 4. Жоғары** **ҚБ**: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау	

Еуропа мемлекеттері; **ТМД** – 1992 ж – Қырғызстан, Қазақстан, Ресей, Украина және тб.)

Ғаламдану – ұлтаралық бірлестіктердің белсенді әрекет етуі және дүниежүзілік шаруашылықты біртұтас жүйеге айналдыруын жүзеге асыру.

Шаруашылықтың салалық құрылымы және орналасу ерекшеліктері.

Дүниежүзілік шаруашылықтың экономикалық негізін бір – бірімен тығыз байланысқан ұлттық шаруашылықтар мен салалық құрылымдар құрайды. Қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрылымы 4 сектордан тұрады



Осының ішінде

1 сектор индустрияландыруға дейінгі кезеңге жетекші саласы болып табылды Жыл сайын бұл сектордың үлесі экономикаға азайып келеді.

2 сектор – индустриялық кезеңге жатқызамыз

XX ғ соңында жетекші орында өнеркәсіп жетекші орында болды

3 – 4 секторларды - постиндустриялық даму кезеңіне жатқызамыз немесе қазіргі кезеңге.

Дамыған елдерде қызмет көрсету саласы жақсы дамыды, аса дамушы елдерде өндірістік саланың оның ішінде ауыл шаруашылығы жақсы дамыды. Осыдан мынадай қорытынды шығып отыр – дүние жүзінде салалық құрылымы бойынша елдер әр түрлі сатыларында тұр деуге болады.

Картаға қарап осы 4 секторға елдерді бөліп көрейік

1 сектор: АҚШ, Ресей, Канада, Қытай, Үндістан

2 сектор: ТМД елдері, Парсы шығанағы елдері

3 сектор: Дамыған мемлекеттер, АҚШ, Канада, Жапония, Италия,

4 сектор: Германия, Ұлыбритания, Норвегия, Жапония

Сонымен қатарБіздің Шығыс Қазақстан обылысын айта кетсек

Қандай шаруашылық жүйесі бізде бар:

- ауыл шаруашылығы : мал шаруашылық - Ірі қара мал, Қой, Жылқы, Марал, Ара шаруашылықтарына бөлінеді. Егіншілік-дәнді дақылдар, техникалық дақылдар, бақша және жеміс-жидек дақылдары шаруашылығы
- балық шаруашылығы
- орман шаруашылығы
- тау кең өндірісі,
- өндеуші өнеркәсіп (химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі)
- құрылыс,
- көлік
- қызмет көрсету
- ақпараттық қызмет

2

3 сектор

	ғылыми зерттеулер 4 сектор **Ал енді бүкіл дүние жүзін, алсақ мынадай көрсеткіштер көруге болады:**  **Шаруашылық ұйымдасуының типтері.** Қазіргі дүниежүзілік шаруашылыққа аумақтық айырмашылықтар тән болады. **Байырғы типі :** табиғи (натуралды) шаруашылық жатады; оның негізінде тұрғын халық өзін – өзі азық –түлікпен және бірінші кезектегі тұтыну заттарымен қамтамасыз етеді. Мамандану мен еңбек бөлінісі баяу дамиды. **Нарықтық экономика:**қоғамның дамуына байланысты шаруашылықтың жаңа типі. Еңбек бөлінісіне негізделіп отырып, өнім мен тұтыну үшін қалыптаспайды, сыртқы сұранысқа бағытталған. **Бұрынғы социалистік жүйеде**шаруашылық мемлекеттік деп аталады, себебі басқару орталықтанған және жоспарланған. **Өтпелі экономика -** XX ғ соңына қарай бұрынғы Кеңес одағының елдерінде және Шығыс Еуропа елдерінде кездескен, бұл жаңа мен ескі бағыттардың ортасындағы жүйе. **Қазіргі Қазақстан** – нарықтық қатынастарға көштік. **Оқулық пен жұмыс** **Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі.** **Дүниежүзілік шаруашылықпен бірге халықаралық географиялық еңбек бөлінісі де қалыптасып келеді . Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі деп жеке елдердің өнімнің белгілі бір түрлерін, шикізат пен даяр			

	бұйымдарды өндіруге және олармен айырбас жасауға мамандануын атайды. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі дүниежүзілік шаруашылық аясында дами отырып, жекелеген елдердің ұлттық шаруашылығын өзара байланыстырады. Географиялық еңбек бөлінісі жеке елдердің арасындағы экономикалық – географиялық және әлеуметтік – экономикалық айырмашылықтардың болуынан туындайды. Сонымен қатар ол елдердің шаруашылық құрылымы мен тарихи дәстүрлерімен тығыз байланысты. Өйткені әрбір елге тарихи кезең аралығында қалыптасқан өзіндік дәстүрлі өнеркәсіп салалары мен ауыл шаруашылығының маманданған бағыттарына тән. Әдетте, мамандanған салалар өнімдері сапалығымен ерекшеленеді, сондықтан дүниежүзілік нарықта оларға сұраныс өте жоғары. Әр елдің өнімнің белгілі бір түрлерін өндіруге және қызмет көрсетудің жекелеген салаларына мамандануы себепті ішкі нарық сұранысынан асып кеткен жағдайда ол өнімдерді сыртқа шығару қажеттілігі туындайды. Мысалы, Жапония автомобиль жасау жөнінен дүние жүзінде 1 орын алады. Елде шығарылатын автомобильдердің тең жартысы басқа елдерге экспортқа шығарылады. Демек, автомобиль жасау – Жапонияның халықаралық дәрежеде мамандanған саласы. Сонымен қатар, соңғы жылдары, Жапония кеме жасау, радиоэлектроника және роботтар жасауға мамандану жөнінен халықаралық деңгейге көтерілді. Жалпы алғанда, халықаралық еңбек бөлінісі, қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылық жағдайында сөзсіз болатын құбылыс, ол елдер арасындағы өзара ынтымақтастықты күшейтіп, бәсекелестік жағдайында елдердің бейбіт өмір сүруіне негіз болады. XXI ғ дүниежүзілік шаруашылық түбегейлі өзгерістер алдында тұр. Болашақта электроника, лазерлік техника, биотехнология жетекші салаларға айналып, атом энергиясы мен химия саласындағы ең соңғы жетістіктермен қаруланған жаңаөндіріс салалары дамытылатын болады. **Тапсырма 1 топтық жұмыс**			

	Тарауға байланысты тірек сөздердің анықтамасын дайындайды. ***Өндіруші шаруашылық түрлері***: мұнай платформалары, кен орындары т.б. ***Өңдеуші шаруашылық түрлері***: фабрика, зауыт, комбинат. ***Қызмет көрсету саласы***: білім беру, денсаулық, туризм. Топтар өз жұмыстарын қорғайды, қарама –қарсы топ бағалайды **Бағалау критерийі:** - Шаруашылықтың түрлерін біледі - Өндіруші салаларды анықтай алады - Өңдеуші салаларды анықтай алады - Қызмет көрсету салаларын анықтай алады **Тапсырма 2 топтық жұмыс.** Суреттер бойынша өндіруші және өңдеуші, қызмет саласына тән шаруашылық түрлерін жіктейді және қысқаша сипаттама береді. 1. **Жаңа тақырыпты бекіту.** - Дүниежүзілік шаруашылық дегеніміз не, және оның алғышарттары? - Белгілері? - Шаруашылықтың салалық құрылымы - Өндірістік емес салаларға нені жатқызамыз? - Өндірістік салаларға нені жатқызамыз? - Халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуы елдерге қандай пайда әкеледі? **Сабағымызды бекіту үшін кластер пайдаланамыз**			



<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтыңсоңы</td><td>Екі түрлі түсініктеме күнделігі.
Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:

<table><tr><td>Бөліктің оң жағына</td><td>Сол жағына</td></tr><tr><td>Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.</td><td>Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)</td></tr></table></td><td>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.</td><td></td><td>Рефлексия парағы</td></tr>
</table>

Бөлім					
Педагогтың аты-жөні	Майлыбекова З				
Күні					
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны			
Сабақтың тақырыбы	Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері				
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.5.3.2 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды				
Сабақтың мақсаты	Мал және егін шаруашылығы саласын ұйымдастыру түрлерін ажыратады Шаруашылық, өнеркәсіп және қызмет көрсету саласының түрлерін талдайды Шаруашылық , өнеркәсіп салаларының түрлерін ажыратады				
Бағалау критерииі	Мал және егін шаруашылығы саласын ажырата алады Шаруашылық, өнеркәсіп және қызмет көрсету саласының түрлеріне анализ жасай алады Шаруашылық, өнеркәсіп салаларының түрлерін ажырата алады				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**		**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Басы	. Ұйымдастыру бөлімі. Ынтымақтастық атмосферасы аясында «Шаттық шеңберін құру». Үй тапсырмасын сұрау үшін шеңберге тұрғызып, бір –біріне доп лақтыру арқылы өткен сабақты еске түсіру. Бейнебаян тамашалау Өнеркәсіп жайлы оқушыларға қысқаша түсінік айтып, орындалатын жұмысқа бағыт-бағдар беру. Оқу мақстымен таныстырып, тапсырма орындауға дайындауЖетістік критерийлерін болжайды; Жетістік критерийлерімен танысады.	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	 «Кіру билеттері»	http://bestreferat.kz/extra_rkd/show/59
Ортасы	Мұғалім жаңа сабақты бастау үшін оқушыларға «Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері»тақырыбындағы видеоролик көрсетіледі.(2:55 мин) Видеоролик арқылы «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі арқылы оқушылардың не ойлайтындығы сұралады: **1. Сіз видеоролик арқылы не байқадыңыз?** Жұппенен өз ойларын бөліседі, топтағы оқушылармен біріктіреді, ойларын толықтырады. 2. Ауылшаруашылық саласын ұйымдастыру түрлері қандай? Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, топпен өз ойларын бөліседі. Мұғалім оқушыларға ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері туралы ақпарат таратады (мәтін, кесте (қосымша 1), сызбанұсқа (қосымша 2)). Мұғалімнің түсіндірмесі. Шаруашылық салаларының ұйымдастыру формаларымен таныстыру Мәтіннен ақпаратты анықтап, PEST талдау жасаңыз **1-топ.** Ауылшаруашылығы саласының ұйымдастыру түрлері ***2-топ***. Өнеркәсіп саласының ұйымдастыру түрлері **3-топ.** Қызмет көрсету саласының ұйымдастыру түрлері **Дескриптор** ***Оқушылар***	Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау	1. Флипчарт, фломастер

	– Ауылшаруашылығы саласының ұйымдастыру түрлерінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, экологиялық тиімді/ тиімсіз жақтарын талдайды – Өнеркәсіп саласының ұйымдастыру түрлерінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, экологиялық тиімді/ тиімсіз жақтарын талдайды – Қызмет көрсету саласының ұйымдастыру түрлерінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, экологиялық тиімді/ тиімсіз жақтарын талдайды **1-тапсырма: Топпен жұмыс. Әткеншек әдісі.** **1-топ-Ауылшаруашылық салаларын жіктеп, сызбаға салыңдар** **2-топ-Өнеркәсіптік-өндірістің салаларын жіктеп сызбаға салыңдар** **3-топ-Қызмет көрсету салаларын жіктеп сызбаға салыңдар** (Топ бірін-бірі бағалайды) **2тапсырма. Топтық жұмыс. SWOT талдау әдісі арқылы шаруашылық, өнеркәсіп, қызмет көрсету түрлеріне анализ жасайды**	Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады	**ҚБ** «Бәрекелді, әттеген-ай» Бағалау парақшасын	

Бағалау критерийі	Дескриптор
-Шаруашылық, өнеркәсіп, қызмет көрсету салаларын жіктей алады	-Салаларын біледі -Мамандануына байланысты ажырата алады -Орналасуына сипаттама береді

1-топ-Мал шаруашылығы
2-топ- Түсті металлургия
3-топ-Білім саласы

Мықты жағы	**Әлсіз жағы**
Мүмкіндігі	**Қауіпі**

Бағалау критерийі	**дескриптор**
Шаруашылық, өнеркәсіп және қызмет көрсету саласының түрлеріне анализ жасай алады	-Мықты жағына талдау жасай алады -Әлсіз жағына талдау жасай алады -мүмкіндігіне талдау жасай алады -қауіпіне талдау жасай алады

(«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалау)

3-тапсырма. Жеке жұмыс. «Венн диаграммасы»
Берілген тапсырма бойынша ұқсастығы мен айырмашылығын табыңыз.
Завод-фабрика
Өнеркәсіп- шаруашылық

Бағалау критерийі	**дескриптор**
Шаруашылық, өнеркәсіп салаларының	**-завод пен фабриканың айырмашылығын жазады**

толтырады.

ҚБ
Бағдаршам

түрлерін ажырата алады	**-ұқсастығын жазады** **-өнеркәсіп пен шаруашылықтың айырмашылығын жазады** **-ұқсастығын жазады**

ҚБ Бірін-бірі бағалау

Топтық жұмыс:

1 - топ: Тоқыма өнеркәсібі.

2 - топ: Мақта – мата өнеркәсібі.

3 – топ: Былғары, тері илеу, аяқ киім өнеркәсібі.

Жеңіл өнеркәсіпке мынадай мамандықтар жатады: иіруші, тоқымашы, конструктор - модельер, суретші - модельер, пішуші, тігінші, ал салаларына: тігін, тоқыма, трикотаж, аяққиім өндірісі, былғары галантереясы бұйымдары жатады.

1. Кондитер – конфет, торт т. б тәтті тағамдарды даярлайтын маман.
2. Трикотаж – жіптің тұзақталып, өзара айқасуы арқылы тоқылған тоқыма мата.
3. Галантерея – ұсақ-түйек бұйымдар шығаратын фабрика.
4. Конструктор – бір нәрсенің конструкциясын жасаушы, құрастырушы.
5. Модельер – сәнді модельді заттың үлгісін жасайтын маман.
6. Иіруші – жүннен, мақтадан жіп есуші, ширатушы.

Эссе жазу: «Егер мен жеңіл өнеркәсіп маманы болсам» және «Егер мен қолөнерші болсам» деген тақырыптарда эссе жазу.

Семантикалық карта беріледі

Жұмыс жазылып болған соң, сағаттың тілімен дәптерлер ауысып, оқушылар бірін-бірі тексереді.

Бағалау дескриптор бойынша жүргізіледі.

Сабақтыңсоңы	**Рефлексия**	Бүгінгі сабақтан		Рефлексия

	Сабақ соңында айтарым: • Маған бәрінен де ... • Мен өзімді… • Мен сыныптастарымды... • Мені таңқалдырған… • Маған жаңалық болғаннәрсе, ол... • Менің көзқарасым бойынша, дұрыс болмаған нәрсе… Маған болашақта ескеретін жайт	түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		парағы

Қосымша ақпарат		
Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндетқоюдыжоспарлапотырсыз?	Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы
1.	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	Ақпарат іздестіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	Майлыбекова З			
Күні				
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.5.3.3 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдайды			
Сабақтың мақсаты	Шаруашылық салаларының орналастыру факторларын талдайды			
Бағалау критерииі	1. Өнеркәсіп салаларының орналасу факторларын анықтап, талдайды; 2. Ауылшаруашылық салаларының орналасу факторларын анықтап, талдайды; 3. Қызмет көрсету саласының орналастыру факторларын талдайды			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	1. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныппен сәлемдесу. 2. Тақтаға сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттары көрсетіледі. 3. Ойланыңыз. Неліктен шошқа шаруашылығы Қазақстанның солтүстігінде, шығысында дамыған? Бидай өсірумен солтүстікте, күріш өсірумен оңтүстікте айналысады? Кен орындары маңында өнеркәсіп орталықтарының орналасу себебін	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	**Қалыптастыру шы бағалау** **Кері байланыс**	Ұялы телефон Және интернет желілері Кітап

	түсіндіріңіз? Неліктен шағын дүкендер тұрғын үйлерге жақын маңда орналасады? Ойыңызды қорытындылаңыз Өнеркәсіпті орналастыру факторлары кестесімен таныстыру			
Ортасы	Шаруашылық салаларының орналасу факторларын анықтаңыз, себебін түсіндіріңіз 1-топ. Ауыл шаруашылығы 2-топ Өнеркәсіп 3-топ. Қызмет көрсету **Дескриптор** *Оқушылар* – Ауылшаруашылық саласының орналасу факторларын талдайды – Өнеркәсіп салаларының орналасу факторларын талдайды – Қызмет көрсету салаларының орналасу факторларын талдайды Қазақстанның ең ірі өнеркәсіп салаларын алып, орналасуына әсер тигізетін факторларды анықтап, себебін түсіндіретін картосхема салыңыз. 1- топ. Мұнай өндіру 2- топ. Түсті металлургия 3- топ. Тоқыма өнеркәсібі 4- топ. Тамақ өнеркәсібі 5- топ. Атом энергетикасын өндірісі	Арнайы ресурстар арқылы жаңа тақырыпты талдайды Жұп бойынша Жеке, өзара тақырыпты түсінгендерін мұғалімге қол көтеру арқылы білдіреді Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан	**Бағалау критерийлер** 1.Ертегідегі негізгі кейіпкерлердің портретін жинақтайды. 2.Кейіпкердің образына қызмет етіп тұрған маңызды әрекеттерін талдайды. 3.Жинақталған ақпараттар негізінде кейіпкер образына қатысты өз көзқарасын білдіреді **Дескрипторлар** 1.Әр оқушы	Ашық сұрап-жауаптар

Дескриптор *Оқушылар*

– Ірі өнеркәсіп салаларының орналасу факторларын анықтап, себебін түсіндіретін картасхема әзірлейді.

.Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Жұптық тапсырма

1-тапсырма.

Қазақстанның ауылшаруашылық картасын және қосымша ақпараттарды пайдаланып кестені толтыру(топтық жұмыс)

Дақылдар	Орналасу факторлары	Ірі орталықтары
Бидай		
Қарақұмық		
Күріш		
Картоп		
Күнбағыс		
Қант қызылшасы		

Өңдеуші өнеркәсіп	Өндіруші өнеркәсіп

Дескриптор
- *Дақылдардың орналасу факторларын, ірі орталықтарын кестеге толтырады* - *Өңдеуші өнеркәсіп және өндіруші өнеркәсіп*

тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі

Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды
Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады

ертегіден өзіне тиісті кейіпкерлердің портретіне қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдерді анықтайды.
2.Әр оқушы кейіпкердің ең маңызды үш әрекетін анықтайды

Бағалау парақшасын толтырады.

ҚБ

Бағдаршам

	салаларына тоқталады Топтар бір-біріне кері байланыс жасайды, оқушылар өз-өзін бағалайды. ***№2-тапсырма.*** Қазақсатнның өнеркәсіп өндірісін диаграмма арқылы салыстырады (топтық жұмыс)  *Дескриптор* - *Металлургия түсінігімен танысады* - *Химия өнеркәсібін пайызбен көрсетеді* - *Жеңіл өнеркәсіп саласын талқылайды* - *Тамақ өнеркәсібін сұрыптайды* - *Тоқыма өнеркәсібі сипаттайды* - *Машина жасау саласының үлесін көрсетеді*			

	- *Қазақстанның өнеркәсіп өндірісін диаграмма арқылы салыстырады* Топтар бір-біріне кері байланыс жасайды, оқушылар өз-өзін бағалайды. ***Жеке жұмыс*** **№3-тапсырма. «Біреуін аласың – біреуін бересің» әдісі** Оқулық материалдарын және қосымша деректер көздерді пайдаланып қызмет көрсету, соның ішінде туризм мен рекреациялық қызметті орналасу факторларын жасаңдар. *Дескриптор* - *Қызмет көрсету салалрымен танысады* - *Туризмнің орналасу факторларын жасайды* - *Рекреациялық қызмет түрлерімен танысады*			
Сабақтыңсоңы	**Рефлексия: ТАҚТАДАҒЫ ГРАФФИТИ** Оқушылардан әртүрлі уақытта граффитиге арналған тақтаға «ББББ» тұжырымдамасы арқылы өз үлестерін қосу, олар осы тақырып туралы не ойлайды, не «біледі», нені «білгісі келеді» және тақырыпты талқылау қорытындысында олар нені «білгендігі» сұралады. Белсенді оқушыларды марапаттаймын.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы
Қосымша ақпарат				

Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндетқоюдыжоспарлапотырсыз?	Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы
3.	Мұғалімнің ауызша кері байланысы	Ақпарат іздестіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	Майлыбекова З			
Күні				
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.5.3.4- дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды **БЖБ**			
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар орындай алады:** Дүниежүзілік шаруашылық салаларына сипаттама береді. **Оқушылардың басым бөлігі орындай алады:** Дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі салаларының, орналасуын, анықтайды. **Кейбір оқушылар орындай алады**: Дүниежүзілік шаруашылық салалары бойынша, шағын зерттеулер жүргізе алады.			
Бағалау критериі	- Дүниежүзілік шаруашылықтағы салаларын түсінеді; - Дүниежүзілік шаруашылық мәтіні бойынша берілген негізгі салаларын анықтай алады; - Дүниежүзілік шаруашылық бойынша шағын зерттеулер жүргізеді.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	**1.**Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, түгелдеу. **2.**Сыныпта оқушылармен жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру**.** **3**. Топқа бөлу. **«*Атомдар мен молекулалар*»** ойыны арқылы үш топқа бөлінеді. Оқушыларға мұғалім бәріміз молекулалар сияқты жалғыз қимылдаймыз дейді. Молекулалар бірігіп-бірігіп,екеу болады,сосын үшеу болады,атомдар	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Слайд 6-7 Дидактикалық материалдар №1

	түзіледі.Оқушылар молекулалардан атомдар түзілу арқылы топтасады. **І-топ:** «Қытай» **ІІ топ: «** Канада» **ІІІ-топ: «**АҚШ» **.**Үй тасырмасын ***«Зымыран сұрақтар»*** тәсілі бойынша сұралады. • Өндірісті орналастыру түрткіжайттары дегеніміз не? • Отын түрткіжайты дегеніміз не? • Энергетикалық трткіжайты дегеніміз не? • Еңбек түрткіжайты дегеніміз не? • Көлік түрткіжайты дегеніміз не? **Қ:Б «Мадақтау» әдісі арқылы ынталандыру** Оқушылар «Дүниежүзілік шаруашылық салалары» тақырыбында видеокөрсетілімнен қысқаша үзінді көреді.Ведиороликтің көмегімен бірлесе отырып сабақтың тақырыбы ашылады. **«Айқын мақсат қоя отырып»** әдісімен сабақтың мақсатымен			
Ортасы	Оқушылыр *«Шаруашылықтың түрлері»* атты видеоролик қарайды.Ведиокөрінісінің көмегімен бірлесе отырып сабақтың тақырыбын және мақсатын анықтайды.Төмендеі сызба-нұсқаға қарап,тапсырманы орындайды.  	Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау	Слайдар

	Орман Балық Әлеуметтік қызметтер **1-тапсырма** Дүниежүзінің өнеркәсіп картасын пайдаланып,басты экспорттаушы елдерді анықтап, кестеге толтырыңдар өндірудің өзіндік ерекшеліктерін сипаттаңыздар. **Экспорттайтын тауар** / **Басты экспортер елдер** Мұнай Табиғи газ Көмір Темір кені Боксит Мыс Полиметалл (қорғасын,мырыш) Бағалы металл (алтын,күміс) Бағалау критерийі / Р/с / Дескрипторлар / Келісемін Келіспеймін Басты экспорттаушы елдері анықтау және өзіндік ерекшелікте / 1 2 / Дүниежүзілік өнеркәсіпте басты экспорттаушы елдерді анықтайды. /	барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады	**ҚБ: «Баспалдақ» әдісі 1.Білімім**	Ашық сұрап-жауаптар

рін сипаттау.		Өндірудің өзіндік ерекшеліктерін сипаттайды.	

2-тапсырма. Дүниежүзінің шаруашылық салалары құрылымы мен орналасуына әсер ететін факторларды анықтайды



Бағалау критерийі	р/с	Дескрипторлар	Келісемін келісемін

төмен
2.Орташа
3.Орташадан жоғары 4. Жоғары
ҚБ: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау

	Дүниежүзі шаруашылық салаларының құрылымы мен орналасуына әсер ететін факторларды түсіну.	1 2	Дүниежүзі шаруашылық салаларының құрылымын салыстыра алады. Дүниежүзілік шаруашылық салаларына әсер ететін факторларды анықтай алады.				

Оқушылыр тақырып бойынша мәтінмен танысады.Әр топқа мәтін ішіндегі тақырыпшалар орындау үшін беріледі.

3-тапсырма.«Қара,оқып шық,жаз,түсір»әдісіжеке тапсырма ретінде мәтінмен танысу арқылы кестені толтырады. Мәтін арқылы дүниежүзілік ауыл шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымын кесте түрінде көрсетеді

Реті	Дүниежүзілік шаруашылық салалары құрылымы	Аумақтық құрылымы (таралу аймақтары)	Басты ерекшеліктері
1			
2			
3			
4			

Бағалау критерий	Р/с	Дескрипторлар	Келісемін Келіспеймін
Дүниежүзілік шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымын талдау	1 2 3	Дүниежүзі шаруашылық салаларының құрылымын анықтайды Физикалық картаны пайдпаланып,аумақтық құралымы,таралу аймақтарын түсіндіре алады Шаруашылықтың басты ерекшеліктері туралы өз ойларын жазады.	

1.Тапсырма «Биопоэма» әдісі арқылы топтағы таныстықты арттырады, өз ортасындағы ұқсастықты табады, ізденімпаздыққа жетелейді, топтар бір-біріне түсінгенін айтады.

І- топ.Дүниежүзілік экономикасына, химия өнеркәсібіне сипаттама беру

ІІ-топ. Дүниежүзілік отын-энергетикалық кешеніне сипаттама беру

ІІІ-топ. Электрэнергетика, машина мен авиация өнеркәсібіне сипаттама беру.

Бағалау критерийі:

- ✓ Дүниежүзілік экономикасын, химия өнеркәсібі, машина, отын энергетикалық өнеркәсібін түсіндіріп сипаттайды.

Дескриптор:

- ✓ Жоспар бойынша
- ✓ Дүниежүзілік экономикасы, химия өнеркәсібіне сипаттама береді

Қ.Б:«Бірін-бірі бағалау» тәсілі (әр топ жеке бағалау жүргізеді,мысалы: 1-топты 2топ бағалайды,2топты 3топ,3топты 1топ бағалайды)

. Жеке жұмыс *«Дауыстап ойлау»* әдісі

Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

Жеке жұмыс істей отырып, дүниежүзілік шаруашылық салаларын кесте түрінде жіктеп, таралу аймақтарын анықтап, кескін картаға түсіреді.

Тапсырма:Д.Ж салаларының орналасуын картамен жұмыс арқылы кесте толтырады

№	Дүниежүзілік шаруашылық салалары	Шаруашылықтың таралу аймақтары
1		
2		
3		
4		
5		

Бағалау критерийі:

- ✓ Д.ж шаруашылықтарын анықтап таралу аймақтарын жазады, кескін картаға түсіреді.

	Дескриптор: ✓ дүниежүзілік шаруашылық салаларын анықтай алады; ✓ таралу аймақтарын, жазады; ✓ таралу аймақтарын кескін картада бейнелейді: **Қ.Б**: **«Академиялық қалпақ»** әдісі арқылы: Көк қалпақ- өте жақсы жауап. Қара ленталы қалпақ – жақсы жауап Қызыл ленталы-әлі де білу қажет **ІІІ.Жұптық жұмыс *«Салыстыр» әдісі*** арқылы диаграмма түрінде дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын зерделеп диаграммаға түсіреді. **Тапсырма:**Жұптасып жұмыс істей отырып Ресей-АҚШ, Сауд Арабия-Мексика, Түркіменстан-Канада мемлекеттерін газ, мұнай, көмір, өнеркәсіптері бойынша пайыздық үлестерін диаграммаға құрастырады. Қосымша ақпараттарды пайдалана отырып, қалаулары бойынша бір мемлекеттің шаруашылық саласына болжам жасап, баға беру.			

	 **Бағалау критерийі:** ✓ Дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын зерделеп диаграммаға түсіреді. **Дескрипторлар:** ✓ Дүниежүзі шаруашылық салаларының құрылымын салыстыра алады. ✓ Дүниежүзілік шаруашылық салаларына әсер ететін факторларды анықтап, диаграмма жасайды. **Қ.Б: Кері байланыс. «Бағдаршам» әдісі**. *Оқушыларды бағдаршамның түстері арқылы қызыл,сары,жасыл түстері арқылы бағаланады. Жасыл түс сабаққа белсене қатысып барлық деңгейдегі сұрақтарға жауап берген оқушыларға қоямын,ал сары түсті жартылай жауап берген оқушыларға,қызыл түсті төмен деңгейде орындаған оқушыға қою арқылы кері байланыс жүргіземін.*			
Сабақтыңсоңы	Мен ..... үйрендім. -Маған ..... қиын. **Кері байланыс «Бір +, бір - »** Сабақ барысында сәтті шыққан 1 кезең, сәтсіз шыққан 1 кезеңді айту.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері		Рефлексия парағы

	Оқушы мен мұғалім кері байланысы. **Өз-өзін бағалау ауызша жүзеге асады.** Оқушылар мына сұрақтарға жауап бере отырып, сабақта туындаған ойларын тізбектейді: • Алдымен біз былай деп ойладық..... • Одан кейін біз мына проблемаға тап болдық..... • Проблеманы шешу үшін.....жасадық. • Бұдан біз.....көрдік. • Демек, бұл мынаны білдіреді..... Сонымен біз.....деген шешімге келдік	байланыс жасайды.		

Бөлім					
Педагогтың аты-жөні	Майлыбекова З				
Күні					
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны			
Сабақтың тақырыбы	Дүниежүзінің саяси картасы				
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.6.1.1-саясикартаныңбастынысандарынсипаттайды				
Сабақтың мақсаты	Саяси карта туралы, саяси картаның өзгеру себептері мен кезеңдерін біледі Саяси картаның басты нысандарын анықтай алады Саяси картаның ерекшелігін талдай алады				
Бағалау критериі	Саяси карта туралы білсе; Саяси картаның өзгеру себептері мен кезеңдерін білсе; Саяси картаның басты нысандарын анықтай алса; Саяси картаның ерекшелігін талдай алса;				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**		**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Ұйымдастыру бөлімі. Оқушылармен амандасу,түгендеу, «Екі тілек, бір ұсыныс» ойыны арқылы психологиялық ахуал жүргіземін. Жетелеуші сұрақтар: Карталардың қандай түрлері бар? Саяси карта мен физикалық картаның айырмашылығы қандай Саяси картадағы бояулар не мағына береді?		Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	дидактикалық материалдар.

	Саяси картада қандай нысандар салынады деп ойлайсың? Осы сұрақтарға жауап алынып болған соң, сабақ мақсаты айтылып, жаңа сабаққа өтеміз.			Интерактивті тақ
Ортасы	Терминдермен жұмыс Мемлекет- Метрополия- Протекторат- Деморкация- Делимитация- **Дүние жүзінің саяси картасы** - Жер шарының мемлекет шекаралары, астаналары, ірі қалалары мен жол қатынастары көрсетілген географиялық картасы. Саяси картаның мазмұны Дүние жүзінің саяси картасында елдің әлемдегі орны, саяси – әкімшілік құрылымы бейнеледі. Сонымен қатар саяси картада басты саяси – географиялық өзгерістер : жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, елдердің саяси мәртебесінің ауысуы, шекаралары мен аумағының, ел атауы мен астанасының өзгеруі және т.б. көрініс табады. Дүние жүзінің саяси картасындағы заңдылықтар мен өзгерістерді географияның саяси география деп аталатын саласы зерттейді. Мұның негізінде дүние жүзі елдерінің мемлекеттік құрылымы мен басқару үлгілерінің таралу заңдылықтарына, мемлекеттер арасындағы өзара қарым – қатынастарға, сондай – ақ мемлекеттік шекараларды анықтау мен халықтың қоныстануына байланысты болатын аумақтық қақтығыстарға қатысты күрделі мәселелер жатыр. Дүние жүзінің саяси картасы тарихи кезеңдерде ұдайы өзгеріске түсуде. Оған әрі түрлі факторлар ықпал етеді. Жер шарының бетінің жер ауданы 510,2 млн км кв. Саяси картаның қалыптасу кезеңдері Дүние жүзінің қазіргі заманғы саяси картасының қалыптасуына қатысты оқиғаларды шартты түрде Жаңа (XVII ғасырдан Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін) және Ең жаңа кезең (Бірінші дүниежүзілік соғыстан бүгінгі күнге дейін) деп аталатын екі дәуірге	Арнайы ресурстар арқылы жаңа тақырыпты талдайды Жұп бойынша Жеке, өзара тақырыпты түсінгендерін мұғалімге қол көтеру арқылы білдіреді Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы,	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау **ҚБ** «Бәрекелді, әттеген-ай»	http://ikitap.kz/audiobook/5189-kerqula_atty_kendebaj/5189-kerqula_atty_kendebaj аудиокітап Алты томдық «

		топтастырады. Еуропалық отарлау кезеңі Жаңа Дүние мен Ескі Дүниенің көптеген аумақтарын қамтыды. Еупадағы жетекші мемлекеттердің жаңа жерлерді бөлісуі және ықпал ету аумақтарын экономикалық, саяси жағынан басқару сипаты дүние жүзінің саяси картасының едәуір өзгеріске түсінуі алып келді. Осы өзгерістерге сәйкес, мемлекет құрылымы мен оны басқарудың жаңа формалары пайда болды. Біраз уақыт аса ірі отар иеленуші мемлекетттер - метрополиялар (грекше metropolis – қала) болып есептеліп келген Испания мен Португалияның қатарына кейіннен Ұлыбритания, Франция, Нидерланд, Германия келіп қосылды. Осылайша Америкада, Африка мен Азияда отарлық аумақтар пайда болды. Мысалы, XX ғасырдың басына қарай отарлық иеліктер Африка жерінің 90% - ын, Азия аумағының 56% - ынан астамын, Америка жерінің 27% - ын алып жатты. XIX ғасырдың басында Латын Америкасында бсталған ұлт – азаттық қозғалыс нәтижесінде Эквадор (1809 ж.), Колумбия (1810 ж.), Венесуэла, Парагвай (1811 ж.), Аргентина (1816 ж.), және т.б. жаңа тәуелсіз мемлекеттер қалыптасты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында дүние жүзіндегі жетекші метрополиялар арасында ықпал ету аймақтары үшін күрес шиеленісе түсті. Соның салдарынан әлемді Бірінші дүниежүзілік соғыстың өрті шарпыды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан соң болған ірі оқиғалар қатарына 1917 жылғы Қазан революциясы нәтижесінде Ресейде мемлекеттік құрылым мен басқару жүйесінің түбегейлі өзгеруі, Аустрия – Венгрия монархиясы мен Осман империясының ыдырауы, Германияда монархияның құлатылуы және үкімет басына фашистердің келуі, Еуропада мемлекеттік шекаралардың өзгеруі жатады. Дүние жүзінің саяси картасында КСРО, Чехословакия, Ирландия, Исландия, Ватикан сияқты жаңа мемлекеттер пайда болып, Финляндия, Польша, Балтық бойы елдері тәуелсіздігін жариялады. Бұл кезеңде Африкада тәуелсіз мемлекттер қатары (Египет, Эфиопия, Либерия, ОАР) санаулы ғана болды. Дүние	мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары	Бағалау парақшасын толтырады. **ҚБ** **Бағдаршам**	

	жүзінің қазіргі заманғы саяси картасының қалыптасуында Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы мен одан соң болған маңызды өзгерістер, XX ғасырдың 50 – 60 - жылдарындағы отарлық жүйенің күйреуі, 80 – 90 жылдарындағы социалистік жүйенің ыдырауына байланысты оқиғалар айрықша рөл атқарды. 1939 – 1940 жылдары Балтық бойы елдері мен көршілес аумақтарды қосып алу есебінен КСРО аумағы кеңейе түсті. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Польша, Югославия, Грекия аумақтары бөліске түсіп, Германия Еуропаның көптеген елдерін басып алды. Соғыста жеңіліске ұшыраған Германияның, сондай – ақ Италияның, Югослаияның Польша мен КСРО – ның мемлекеттік шекаралары өзгеріп, саяси картада Югославия Федеративтік Республикалар Одағы (ЮФРО), ГФР мен ГДР мемлекеттері пайда болды. Румыния, Болгария, Венгрия, Финляндияның соғысқа дейінгі шекаралары қалпына келтірілді. Шығыс Еуропада пайда болған социалистік мемлекеттер біртұтас блокқа бірікті. Еуропада осы жылдары басталған шекараларды қалпына келтіру жұмысы қазірге дейін жалғасын табуда. Дүние жүзінің саяси картасының обьектілері. Дүние жүзінің қазіргі саяси картасының обьектілері қатарына мемлекеттік мәртебесі жарияланған және жарияланбаған 267 ел мен аумақ жатады. Оларды басты екі топқа : 1) мемлекет мәртебесі жарияланған, халықаралық деңгейде танылған тәуелсіз мемлекеттер ; 2) дербес басқару мәртебесіне ие болмаған тәуелді аумақтар деп екіге бөледі. Олар бір – бірінен жерінің ауданы, халық саны, әлеуметтік – экономикалық даму деңгейіне қарай айырмашылық жасайды. *Оқушылар елдерге саяхат жасау арқылы Америка, Африка, Еуразия елдерін атап, астаналарын тауып картадан көрсетеді.* **1.** *Оқушылар* ***«Ассоциация» әдісі*** *арқылы елдерді топтастырады* Жер көлемі үлкен елдер Халық саны бойынша үлкен мемлекет	қалыптасады		



«Үш шапалақ» әдісі арқылы бағалау

Тапсырмаларды орындаңыз

1-топ. Саяси картаның қалыптасу кезеңдерін зерттеңіз

2-топ. Саяси картадағы нысандарды ажыратып, топтастырыңыз.

3-топ. Саяси картаның өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтаңыз

Дескриптор *Оқушылар*

- Саяси картаданың қалыптасу кезеңдерін зерттейді
- Саяси картадағы нысандарды топтастырады
- Саяси картаның өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтаңыз

Топтық жұмыс

Қосымша деректер арқылы танылмаған бір мемлекетке жоспар бойынша географиялық орнын сипаттау және топтастыру.

1-топ: Абхазия

2-топ: Косово Республикасы

3-топ: Карабах Республикасы

4-топ:Осетия

Сипаттау жоспарының пункттері	Сипаттау
Ел атауы	
Астанасы	
Географиялық орналасу түрі	

	<table><tr><td>Шектесетін елдері</td><td></td></tr><tr><td>Орналасқан материгі</td><td></td></tr><tr><td>Елдің шекарасындағы физикалық нысандар</td><td></td></tr><tr><td>Географиялық орналасуына байланысты қорытынды</td><td></td></tr></table> Бағалау. Дискриптор - Картаны қолданып кез-келген елдің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды - географиялық орналасуына байланысты қорытынды жасайды **Бағдаршаммен бағалау** Дәптермен жұмыс. **«Түртіп алу» әдісі** бойынша өтеді Терминдерге шолу жасау, яғни мағынасын түсіндіру. **Ел**- мемлекет **Мемлекет** — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі **Саяси карта**- мемлекеттердің шекаралары көрсетілген карта. Мемлекеттер саяси картада түрлі түске боялады. **Саяси картаның нысандары** бір бірінен жерінің ауданы халқы, әлеуметтік –экономикалық даму деңгейіне қарай айырмашылық жасайды **Жұлдызшалар** арқылы бағалау. Дескриптор: Терминдердің мағынасын нақты түсіндре алады. **4. Картамен жеке жұмыс:** Француз Одағының шалғай жатқан 5 департаментын және 5 аумақты анықтау. **«Бас бармақ» арқылы бағалау.** Дескриптор: Француз Одағының шалғай жатқан департаментты және аумақты саяси картадан анықтап картадан көрсете алады.			

Географиялық диктант

Елдерді анықтап сол елге географиялық орнына сипаттма беру.

І-нұсқа

1.Территориясының аумағы_____,әлемде____,Еуразия материгінде_____орын алады.

2.Еліміз_____елдерімен шектеседі.

3.Қазақстан жерінің шеткі нүктелері_____с.е. және___ш.б. аралығында орналасқан.

4.Батыс пен шығыстың ара қашықтығы__ км. Қазақстан батысында ___ төменгі ағысынан,шығысында___ таулардың етегіне дейін,солтүстігінде_____жазығынан,оңтүстігінде_____шөлі _____мен____тау жүйесіне дейін созылып жатыр.

5.Қазақстан_____климаттық белдеуде орналасқан.

6.Қазақстан аумағы_____ сағаттық белдеуде жатыр.

ІІ-нұсқа

1.«Күншығыс елі»деп_____ мемлекетін айтады.Бұл елдің аумағында_____ деп аталатын төрт ірі арал бар.

2.Жапония аралдарының жан-жағын_____ мен оған кіретін _____теңіздері қоршаған.

3.Жерінің көп бөлігі _____ болып келеді.

4.Бұл елдің басқару түрі__ _____.

5.Әкімшілік аумақтық құрылысы_____тұрады.

6.Ресми тілі_____тілі,ұлттық діні_____.

7.Климаты _____.Территориясының басым бөлігі _____ , солтүстікте, _____ оңтүстікте _____ орналасқан.

ІІІ-нұсқа

1.Оңтүстік Азиядаға түбекте орналасқан_____ елі,өзінің бай мәдениетімен әлемге әйгілі. 2.Батыс жағалаулары_____ теңізімен, шығыс жағалаулары____суларымен

қоршалған. Аумағы _____. 3.Әкімшілік құрылысы жағынан _____, құрамына ____пен __ одақтық аумақ кіреді. Мемлекет басшысы _____ 4.Бұл ел негізінен _____ түбегін, _____ тауы мен _____ бір бөлігін, Инд-Ганг жазығының шығыс бөлігін, _____шығанағы мен _____теңізінің бірнеше аралдар тобын қамтиды. Ел аумағының 3/4 бөлігі_____ . _____түгел дерлік Декан таулы үстірті алып жатыр. 5. Неғұрлым ірі өзендері: _____. Олардың көпшілігінің егіншілік үшін маңызы зор.

Смайликтар арқылы өзара бағалау.

Дескриптор.Берілген мәтін бойынша елдерді анықтай біледі.

Жұптық жұмыс (Ойлан,тап!) кескін картамен жұмыс

1-2 топтарға: Аумағының үлкендігі жөнінен алғашқы ондыққа кіретін елдерді кескін картаға санмен белгілеп астаналарын және мемлекеттердің ерекшеліктерін атап шығыңыздар.

	Мемлекеттің атауы	Астанасы	Ерекшелігі
1	Ресей	Мәскеу	Екі дүние бөлігінде орналасқан
2	Канада	Оттава	Ең ұзын жағалық шекарасы бар.
3	Қытай (ҚХР)	Пекин	Ең халқы көп ел
4	(АҚШ)	Вашингтон	50штаттан құралған
5	Бразилия	Бразилиа	Кофе өсіруден алдыңғы ел
6	Аустралия	Канберра	Құрлықтық ел
7	Үндістан	Дели	Діни храмдары көп ел

8	Аргентина	Буэнос-Айрос	Ең күшті футболшылар бар.
9	Қазақстан	Астана	Ең үлкен теңізге шыға алмайтын ел
10	Алжир	Алжир	Африканың ең ірі елі

3-4 топтарға: Аумағының кішілігі жөнінен алғашқы ондыққа кіретін елдерді кескін картаға санмен белгілеп негізгі ерекшеліктерін атап шығыңыздар.

Елдің атауы	Ерекшелігі
Лихтенштейн	Компаниялары көп
Монако	Монархиалық ел кірісі туризм
Науру	Елде қарулы күштер жоқ
Сан-Марино	Ең ежелгі және ең бай ел
Ватикан	Теократтық ел
Маршалл аралы	АҚШ-тың көмегімен өмір сүреді табиғи ресурсы жоқ
Сент-Китс және Невис федерациясы	Оффшорлық банктер көп.
Мальдив	Халқының көбі астанада тұрады
Сейшель	Туризм жақсы дамыған ел

Жұптық бағалау. Дескриптор: Елдерді кескін картаға белгілейді, негізгі ерекшеліктерін атап шығады.
Мадақтау арқылы бағалау

Тапсырма 1 топтық жұмыс

Оқушыларға саяси карталар беріледі, олар саяси картаның нысандарын анықтайды.

Тапсырма 2 Мәтінмен жұмыс

